



**ЖАНШЕЙІСОВ ФАЙЗУЛЛА ІЛИЯСҰЛЫ**  
**01.01.1968. – 01.2021.**



**1975 жылы Қаратоғай  
селосы, Карл Маркс  
атындағы орта мектебінің  
1 сыныбына барып, осы  
мектепте 1985 жылы 10  
сыныпты бітірді**







**Орта мектепті бітіргеннен кейін совхозымыздың  
«Қайыңды» комсомол жастар бригадасында  
1985-1987 жылдары жұмыс жасады.**



**1987 жылы 28 май айынан 1989 жыл 07 маусымына  
дейін Армия қатарына алынып, Германияда  
қызметтік борышын атқарды.**







**1993 жылдың 18 қыркүйек айында Алмамен некеге отырды.**







**ӨЛЕҢ ЖАЗДЫҚ, ТЕРЕҢ ОЙЛАП ӨМІРДІ  
ЕСКЕ АЛСАҚ ДЕП БІРГЕ ЖҮРГЕН КЕЗІҢДІ  
ӨКІНЕМІЗ, КӨНДІГЕМІЗ, ҚИНАЛАМЫЗ, ДЕГЕНМЕН  
ШАМАМЫЗ ЖОҚ ҚАЙТАРУҒА, АЛТЫҢ ҚҰРДАС, ӨЗІҢДІ**







**ЖЫЛДАР БОЙЫ АМАНДАСТЫҚ БІР ЧАТТА  
ҚАЛЖЫҢДАСТЫҚ, ОЙНАМАҒАН ҚҰРДАС ПА  
ҚАҢТАР БОЙЫ ГҮЛІ БОЛДЫҢ ВАТСАПТЫҢ  
ЕСКЕ АЛАМЫЗ, ӨКІНЕМІЗ,  
ҚИМАЙМЫЗ БІЗ, ҚҰРДАСТАР**



Файз

Достар аман боллындар!

Жасұлан Торғайский

Файз

Достар аман боллындар!

Аманшылық па 😂😂

21:36



Файз

яя 😊

00:45

**СЕЗІПІЗ БЕ, БІЛІПІЗ БЕ БІЗ СОҒЫ  
ОҚЫП КӨРСЕК: - КЕШ ЖАТЫПСЫҢ СОЛ ТҮНІ  
ҚОШТАСЫПСЫҢ, КҮЛІМ ҚАҒЫП БІЗБЕНЕН  
«ҚОШ БОЛШЫ» ДЕП АЙТҚЫҢ КЕЛІП БІЗГЕ СЕН**



Файз



08:19

Файз

➔ Часто пересылаемое

**Қаиырлы таң'баршаңызға**

**Құрметті жамағат!**

**Жума**

**КҮНГІ ТІЛЕГЕН  
ДҰҒАЛАРЫҢЫЗ  
ҚАБЫЛ БОЛСЫН**



**АЛ ЖҰМАДА АҚ ТАҢЫНДЫ АТЫРЫП  
БІЗДЕН БҰРЫН ТАҒЫ ТҰРДЫҢ, БАТЫРЫМ  
АМАНДАСТЫҢ, АҚ ТІЛЕКТІ ЖАУДЫРА  
ОЙЛАМАДЫҢ КЕТЕМ ӨМІР ОЗДЫРА**





**АЯЗ ҚАРЫП, МҰЗ ҚАТҚАН СОЛ АҚ ТАҢДА  
АМАНДАСТЫҢ ТІЛЕК ТІЛЕП ЖҰМАДА  
БІЛМЕДІК БІЗ, СОЛ БІР СӘЛЕМ, СОЛ ТІЛЕК  
ҚАЛАТЫНЫН САҒЫМ БОЛЫП ҚИЯДА**







**ОЯНЫП ЕҢ СОЛ ЖҰМАДА ЖАУДЫРЫП АҚ ТІЛЕКТІ  
СОЛ ТІЛЕКТЕР ЕМДЕМЕДІ-АУ, ЖАРАЛАНҒАН ЖҮРЕКТІ  
ЖАЛҒЫЗ ҰЛЫҢ, ІЗБАСАРЫҢ, ЖАНҰШЫРА ЖҮГІРІП,  
КӨМЕК СҰРАЙ ЖАН ЖАҒЫНАН, АҚ БАСЫҢДЫ СҮЙЕПТІ**







**АЛЛАМ МЕНІҢ, САҚТАП ЖҮРСІҢ БІЗДЕРДІ  
АЛ СЕН ЖОҚСЫҢ, БАС КӨТЕРЕР, БІЗГЕ ЕНДІ  
ҚАЛҒАН ӨМІР ЖАЛҒАСТЫРАР ҰРПАҚ БАР  
О, ҚҰДАЙЫМ, САҚТАП ЖҮРШІ ПЕНДЕНДІ**







**ТУ ҚЫП ӨСТІҢ ӘР ДОСЫҢДЫ, АСҚАР ТАУДАЙ СЫЙЛАДЫҢ  
ЖАМАНДЫҚҚА ДОС ТҮГІЛІ ДҮШПАНЫҢДЫ ҚИМАДЫҢ  
СӨРЕЛЕРГЕ КІТАП ЕМЕС, БИКТЕТІП ДОС ҚОЙДЫҢ  
ЖАҚЫН ТАРТЫП КӨҢІЛІҢЕ АҚ ЖҮРЕГІН БЕКЗАТТЫҢ**







**МАХМУТЫҢ ӨМІР СҮРЕД ДОС ҮШІН  
ӘР КЕЗЕҢДЕ СОЗЫП ТҰРАР ҚОЛ ҰШЫН  
ӨЗІҢ ЖОҚСЫҢ, ТОҚТАТПАЙДЫ КӨМЕГІН  
БАР ҰРАНЫ «ҚАЙРАН ДОСЫМ, СЕН ҮШІН»**







**АҚ ГАЗОНЫҢ, АҚ ГҮЛНӘЗІҢ, АҚ АЙНАШ  
АҚ ГҮЛНАҚЫШ, АЛМАТЫДАН СЫРЕКЕҢ  
ӨЗІҢ БАРДАЙ ДАУЫСЫҢДЫ САҒЫНДЫҚ  
ДЕП АЙТАТЫН «АМАНСЫҢ БА, АҚ ЖӘКЕМ!»**









**ӘКЕТАЙЫҢ ЗАР БОЛДЫ АУ КӨРУГЕ АҚ ЖҮЗИҢДІ  
ОЙЛАМАДЫ ОСЫ ЖАСТА ЖОҒАЛТАМ ДЕП ӨЗИҢДІ  
БАР ТІЛЕГІ АМАН КӨРУ ӘР БАЛАСЫН, ҰРПАҒЫН  
ДЕП ТІЛЕЙДІ ТӘҢІРИНЕН «ӨШІРМЕШІ ІЗІМДІ»**

**ТІРШІЛІК БАР, ТОҚТАМАЙДЫ БҰЛ - ӨМІРДІҢ БІР ЗАҒЫ  
ӨТІНЕМІН, ӨТЕРІМДЕ БҰЛ ҒАЛАМНАН, АТТАТПАШЫ АТАНЫ.....**







**КЕЗДЕСТІҢ БЕ, О ЖАҚТАҒЫ ҚҰРДАСТАРМЕН, АУ ДОСТЫМ  
СӘЛЕМ ДЕШІ, АЙТЫП БАРШЫ, ҰМЫТПАЙМЫЗ БІЗ ДОСТЫ  
ҚАЛАЙ ЕКЕН, ЕРЛАН ДОСЫҢ, НАСЫР, РИТА, АМАНТАЙ  
ЖҮРСІҢДЕР МЕ, ҚОЛ ҰСТАСЫП, АУЛАСЫНДА БІР ҚОСТЫҢ?**





26 тамыз 2018 жыл



**КӨП СӨЙЛЕДІК, НЕ АЙТҚАНМЕН  
ӨЗІҢ ЕНДІ КЕЛМЕЙСІҢ  
БАЛА-ШАҒА, ДОСТАРЫҢДЫ  
ЖЕЛЕП-ЖЕБЕП ЖҮРГЕЙСІҢ.....**